«Біртұтас ел - Біртұтас жер»

www.sarbaz.kz

# SARBAZ

Qazaq Әsker
БОЕВОЕ ЗНАМЯ
КАЗАКСТАН САРБАЗЫ
ВОИН КАЗАХСТАНА

№15 (2182) – 11 сәуір 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

## ЕЛІМІЗДІҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕР МЕН МЕКЕМЕЛЕР ТЕКСЕРІЛДІ

***Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов Абай және Шығыс Қазақстан облыстарына жұмыс сапарымен барды.***



Сапар барысында Абай облысының әкімі Берік Уәлимен және Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағановпен кездесті. Министрдің бірінші орынбасары атқарушы органдардың басшыларымен өңірлердің қорғаныс әлеуетін нығайту, аумақтық қорғаныс құрамаларын жарақтандыру және әскери дайындалған резервті дайындау мәселелерін талқылады.

Абай гарнизонында Бас штаб бастығы 54835 әскери бөлімінің авиациялық техника тұрақтарының техникалық жағдайын зерделеді. Аумақтық қорғаныс құрамасының күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан ғимараттарының құрылыс сапасы мен орындау мерзімдеріне назар аударды. Генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов әскери госпитальдегі жөндеу жұмыстарының да орындалу барысын тексерді.

Ол сондай-ақ, 12794 әскери бөлімінің әскери техника паркінде болды. Әскери бөлімдерге жас сарбаздардың келуіне байланысты Бас штаб бастығы казармалық қор мен оқу орталығының жай-күйін, сондай-ақ әскери бөлімдердің әскерге шақырылушыларды орналастыруға және оқытуға дайындығын егжей-тегжейлі зерделеді.

Өскемен гарнизонының Халық қаһарманы Қасым Қайсенов атындағы механикаландырылған құрамасында Бас штаб бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов бөлім командирінің баяндамасын тыңдады.

Шығыс Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментіне барған кезде Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары әскерге шақыру комиссиясының жұмысын ұйымдастыруға, әскерге шақырылушыларды медициналық тексеруден өткізуге және психологиялық тестілеуге ерекше назар аударды.

Әскери-техникалық мектептің филиалында ол оқу процесінің ерекшеліктерімен, оның материалдық-техникалық базасымен танысты. Курсанттармен әңгімелесу барысында әскери-есептік мамандықты игерудегі жетістіктер мен олардың болашақтағы жоспарларымен танысты.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов гарнизондардың әскери инфрақұрылымын дамыту, әскери объектілерді техникалық жарақтандыру және жеке құрам үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөнінде нақты тапсырмалар берді.



## ҚАЗАҚСТАН БІТІМГЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ҚҰРАМЫ ГОЛАН ЖОТАЛАРЫНА АТТАНДЫ

***Алматыда Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтында «Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлінуді бақылау жөніндегі күштері» миссиясы құрамында қызмет ету үшін Голан жоталарына екінші ұлттық бітімгерлік контингентті салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.***



Оған ҚР Қорғаныс министрлігі Бітімгерлік операциялар орталығының қолбасшылығы, қызметтестер, Қарулы Күштердің ардагерлері, әскери жоғары оқу орнының курсанттары, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері, сондай-ақ әскери қызметшілердің туыстары мен жақындары қатысты.

Митингте сөз алған Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев бітімгерлерге ақжол тіледі. Ол Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікті қолдау ісіне қатысуының маңыздылығын атап өтті.

– Бітімгерлік контингентті Голан жоталарына өз бетінше өрістету – Қазақстан Республикасының және оның Қарулы Күштерінің әлемдік аренадағы беделінің дәлелі. Халықаралық стандарттар бойынша дайындалған және жарақтандырылған біздің контингент БҰҰ миссиясының мандаты шеңберінде жүктелген міндеттерді орындауға дайын, – деп атап өтті ол.

Бұдан соң екінші бітімгерлік контингентінің командирі подполковник Жәнібек Нұрланов бастаған әскерилер плацта салтанатты саппен жүріп өтті. Осы сәттен Қарулы Күштердің 139 әскери қызметшісі алғашқы контингентті ауыстыру үшін Дамаскіге жол тартып кетті.

– Бітімгерлік контингенттің барлық әскери қызметшілері ерікті негізде қабылданды. Олардың арасында екі әйел бар. Іріктеу жан-жақты дайындық нәтижелері бойынша жүргізілді. Кандидаттардың кәсіби және моральдық қасиеттері ескерілді. Біздің контингент БҰҰ мандаты шеңберінде қойылған барлық міндеттерді орындауға дайын екеніне сенімдіміз, – деп атап өтті Қорғаныс министрлігі Бітімгерлік операциялар орталығының бастығы подполковник Уәлихан Бәйкенов.

Қазақстандық бітімгерлер атысты тоқтату режимін қамтамасыз ету, патрульдеу, блокпостарды күзету, жарылыс қаупі бар заттарды жою, сондай-ақ БҰҰ персоналдарын алып жүру мен эвакуациялау жөніндегі міндеттерді орындайтын болады. Голан жоталарында қызмет еткен кезде контингенттің алғашқы құрамы қойылған барлық міндеттерді ойдағыдай орындап, БҰҰ миссиясы мен Хатшылығының басшылығынан жоғары баға алғанын айта кету керек.



## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КҮЗЕТІНДЕГІ ШИРЕК ҒАСЫР

***Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіров астаналық дәрігерлерді осы айтулы оқиғамен құттықтады.***

Бүгінде госпиталь құрылымында қырықтан астам бөлімше мен қызмет, оның ішінде Щучье қаласындағы оңалту бөлімшесі және елордадағы алғашқы медициналық-санитарлық көмек бөлімшесі бар. 310 төсектік емдеу мекемесі медициналық қызметтердің толық спектрін ұсынады. Жыл сайын госпитальге қырық мыңға жуық адам амбулаториялық-клиникалық көмекке жүгінеді.

Емдеу мекемесінде 120-дан астам дәрігер және 190-нан астам медицина қызметкері жұмыс істейді. Олардың ішінде медицина ғылымдарының докторлары, кандидаттар мен магистрлер, Денсаулық сақтау саласының үздіктері және жоғары біліктілік санатындағы дәрігерлер бар.

Салтанатты шара "Астана" медицина университетінде өтті.

Әскери медициналық мекеме ұжымының атына Қорғаныс министрлігінің, Бас әскери-медициналық басқарманың, ҰҚК Шекара қызметі Әскери-медициналық басқармасының, "Әскери медицина ардагерлері" РҚБ және Қарулы Күштер кәсіподақ ұйымы Астана филиалының басшылығы атынан құттықтаулар болды.

– Қуатты ғылыми-медициналық базаның арқасында госпитальде маңызды зерттеулер жүргізіліп, диагностика мен емдеудің жаңа әдістері енгізілуде. Дәрігерлердің, медбикелер мен санитарлардың кәсібилігі, таңдаған ісіне шексіз берілгендігі мен жанашырлығы құрметке лайық, – деп Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіров медицина қызметкерлеріне алғысын білдірді.

Госпитальдің алғашқы бастығы запастағы медицина қызметінің полковнигі Серек Болтабаев емдеу мекемесінің қалыптасуы мен дамуы туралы естеліктерін бөлісті.

Іс-шара Қарулы Күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Орталық ансамблі мен госпиталь жеке құрамының қатысуымен өткен концертпен аяқталды.





ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ
АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ
3 - бетте



КРУПНЫМ ПЛАНОМ
ОТТАЧИВАЯ ШАГ
Стр. 4



ӘСКЕР ТЫНЫСЫ
ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРДАН ОРАЛДЫ
7 - бетте

# ВОПРОСЫ ЛИДЕРСТВА И ГРАЖДАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

***В Алматы на базе Центра миротворческих операций Министерства обороны РК на международном семинаре военнослужащие Казахстана и ФРГ обсудили вопросы лидерства и гражданского образования.***

В мероприятии приняли участие военнослужащие Центра миротворческих операций, преподаватели Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи, Военного института Сухопутных войск, а также инструкторы учебных центров.

Для казахстанских коллег подполковники Фридрих фон Бисмарк и Андре Шрёдер прочитали лекции по темам «Основное содержание концепции развития лидерства и гражданского образования» и «Вызовы лидерству в XXI веке».

Участники семинара ознакомились с различными моделями подготовки офицеров. Были также обсуждены вызовы, с которыми сталкиваются современные лидеры, вопросы профессионального и нравственного совершенствования военных специалистов.

Как отметил заместитель начальника Центра миротворческих операций Министерства обороны РК подполковник Рустем Сулейменов, развитие лидерских качеств у военнослужащих, их способность принимать самостоятельные решения и осознавать гражданскую ответственность – имеют большое значение в подготовке миротворческого контингента.

Программа мероприятия включала лекции, тренинги, интерактивные занятия и дискуссии.




# РАЗРАБОТКИ В ОБЛАСТИ БЕЗОПАСНОСТИ

***Национальный университет обороны РК представил предложения на международной выставке по безопасности Kazakhstan Security Systems-2025, состоявшейся в выставочном центре EXPO г. Астаны. В ней приняли участие компании Франции, Германии, Италии, России, Турции, Азербайджана и других стран.***

Директор по развитию бизнеса выставочной компании «Астана-Экспо КС» Олжас Канапиянов отметил, что эта международная выставка ежегодно объединяет свыше ста экспонентов из разных стран мира. На выставочной площадке профессионалы обсуждают актуальные вопросы кибербезопасности, защиты контроля доступа, новинки, применимые в оборонной и правоохранительной сферах.

На выставке Национальный университет обороны РК представил услуги лаборатории специальных исследований по выявлению технических каналов утечки информации и оценке защищенности помещений. Специалистов в сфере безопасности могут также заинтересовать услуги лаборатории перспективных геоинформационных технологий по поддержке научных исследований с использованием VR/AR-технологий, технопарка – по разработке и испытанию роботизированных систем, БПЛА. В арсенале разработчиков НУО – проекционное оборудование, лазерно-гравировальный станок, комплекс для аэрофотосъемки и система машинного зрения. Есть также предложения по созданию 3D-моделей и математическому моделированию образцов вооружения и военной техники.






– Национальный университет обороны впервые принимает участие в таком масштабном форуме. Наш павильон разделен по нескольким направлениям: противодействие техническим средствам разведки, оказание платных услуг и предложение о поступлении на срочную воинскую службу в научно-исследовательский взвод. В это подразделение мы призываем молодых казахстанцев, имеющих высшее образование по техническим и IT-специальностям, – рассказал представитель военного вуза старший научный сотрудник капитан Адилет Оразканов.

В сервисном пакете военного вуза также содержатся услуги по повышению квалификации и интенсивному изучению английского языка, разработке и изготовлению моделей из различных материалов, курсы для преподавателей военных кафедр и помощников акимов, и другие.

# «ЗА ДОБЛЕСТЬ И ВЕРНОСТЬ ДОЛГУ»

***В Военно-историческом музее Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил РК состоялась торжественная церемония вручения медалей «За доблесть и верность долгу» родственникам казахстанцев, погибших или пропавших без вести во время Великой Отечественной войны.***



Медаль была учреждена общественным объединением «Мемориальная зона», которое занимается поиском и увековечиванием памяти павших воинов.

В мероприятии приняли участие представители ветеранских организаций, воспитанники военно-патриотического движения «Жас сарбаз» и потомки воинов, не вернувшихся с фронта. Медали были вручены детям и внукам солдат, чьи имена были установлены благодаря усилиям поисковиков.

- Работа по восстановлению исторической памяти исключительно важна, так как позволяет не только почтить героев, но и раскрыть неизвестные страницы истории наших народов. Вручая медаль, мы подтверждаем, что подвиг воинов, отдавших жизнь за Родину, не будет забыт, - отметил командир поискового отряда «Мемориальная зона» Майдан Кусаинов.

Одна из участниц мероприятия Розахан Оспанова поделилась историей своей семьи. Ее отец всю жизнь искал братьев, которые ушли на фронт, а позднее ее дочь смогла выйти на поисковый отряд, благодаря чему были обнаружены новые сведения о судьбе ее родных: Амребека, Жумабека и Мадиярбека.

В завершение церемонии для собравшихся прозвучали песни военных лет в исполнении солистов Центрального ансамбля Национального военно-патриотического центра.

# ОХВАТ ШИРОКОГО СПЕКТРА ЗАДАЧ

***В рамках подготовки к совместным казахстанско-азербайджанским военно-морским учениям «Каспийский бриз – 2025» в морской столице Казахстана прошли штабные переговоры с представителями оборонного ведомства Азербайджана.***

На переговорах первый заместитель – главнокомандующего Военно-морскими силами ВС РК начальник главного штаба Военно-морских сил Казахстана капитан 1-го ранга Канат Ниязбеков и начальник штаба Военно-морских сил Азербайджана капитан 1-го ранга Теймур Муршудов обсудили и согласовали детали предстоящих учений.

Учения пройдут в казахстанском секторе Каспийского моря. По прибытии кораблей будут уточнены план учений и детали розыгрыша эпизодов на картах.

Этап «ведения боевых действий» предполагает комплексную отработку задач. Предусмотрено развертывание кораблей в районе проведения учений, выполнение элементов совместного плавания кораблей на переходе морем. Военные моряки отработают вопросы отражения асимметричных угроз, оказания помощи терпящим бедствие летательным аппаратам, кораблям и суднам. Будут также проведены боевые стрельбы по морским и воздушным целям.

– Учения охватят широкий спектр задач, направленных на повышение эффективности взаимодействия и укрепления взаимоотношений между военно-морскими силами наших стран, – отметил начальник главного штаба – первый заместитель главнокомандующего Военно-морскими силами Вооруженных сил РК капитан 1-го ранга Канат Ниязбеков.

К учениям будет привлечен личный состав береговых подразделений и кораблей (судов) военно-морской базы. Из Азербайджана на учения прибудут два сторожевых корабля, вспомогательное судно и береговые подразделения.



# ЛУЧШИЕ НА РЕГИОНАЛЬНЫХ ДЕЛЬФИЙСКИХ ИГРАХ

***В Государственной филармонии имени Еркегали Рахмадиева столицы прошли региональные XI Дельфийские игры.***

На них танцевальная группа детской творческой студии «Жас сарбаз» завоевала первое место в номинации «Народный танец» (возрастная категория 10–13 лет). Всего в творческом состязании приняли участие 15 танцевальных коллективов столицы.

– Занимаясь у нас, ребята получают колоссальный опыт. Совсем недавно мы вернулись из Ташкента, где на международном конкурсе I Love Tu Danse наши танцоры завоевали Гран-при и первое место в номинации «Лучший народный танец». Победы вдохновляют наших воспитанников, укрепляют их уверенность, но вместе с этим появляется желание совершенствоваться и расти в творческом плане, – прокомментировала художественный руководитель детской студии «Жас сарбаз» сержант 3 класса Альмира Асылбекова.

Теперь три танцевальных коллектива, в том числе и воспитанники студии «Жас сарбаз», представят Астану на Национальных Дельфийских играх, которые пройдут в Караганде в июне текущего года.



# АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ

***Табандатқан төрт жылға созылған, 80 жыл бұрын Жеңіс туын жалаулатқан, Ұлы Жеңіспен аяқталған Ұлы Отан соғысында қазақстандықтардың көрсеткен ерлігі жөнінде жай сөзбен айту жеткіліксіз. Құрсанып келіп, тұтқиылдан шабуыл жасаған неміс фашистеріне қарсы тұру үшін ерлік пен бірлік керек еді. Сындарлы 1418 күнге созылған соғыс 27 миллион халықтың өмірін жалмап кетті. Сол миллиондағандардың ішінде ұрыс даласында 600 мыңнан астам қазақстандық жауынгер жер жастанып, отбасыларына қайтып оралмады. Кеңес Одағы бойынша 11657-ден астам жауынгер (3051 адам қаза болған соң) Ұлы Отан соғысы жылдары ұрыс даласында қайсар батырлықтары үшін Кеңес Одағы Батыры атағына ие болып, солардың 500-ге жуығы қазақстандықтарға тиесілі болды. Осы зұлмат соғысқа 1942 жылы 26 сәуірде небәрі 18 жасында аттанып, 1945 жылы ақпан айында 21 жасында Кеңес Одағы Батыры атағы берілген, қазақ әскери тарихында ойып тұрып орын алған ірі тұлғалардың бірі – Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов.***



Білім жолын қуып, география немесе тарих пәнінің ұстазы болуды армандаған 17 жастағы Сағадаттың жоспарын 1941 жылы маусым айында басталған Ұлы Отан соғысы талқанын шығарады. Он құрсақ көтерген анасынан Сағит ағасы екеуі ғана қалып, ол ағасы да соғысқа аттанып, көп ұзамай Новгород түбінде Псков қаласын қорғау кезінде қаза болғандығы жөнінде қара қағаз келгенде, Қожахмет пен Айсаның оныншы кенже ұлы Сағадат та соғысқа кетуге бел буады. 1942 жылдың шілде айында 18 жасында Кеңес Одағы әскер қатарына қабылданып, алғашында Түрікменстандағы алдымен Байрам-Али шаһарында, кейіннен Кушка қаласындағы 1-Түркістан әскери пулемет училищесінің курсанты атанып, 1943 жылы үш жылға арналған бағдарламаны 8 айда тәмамдап шығады да, офицер погонын таққан лейтенант Нұрмағамбетов енді тікелей батыстағы майдан шебіне аттанады. Курсанттарды Махачкалаға алып келіп, одан кейін жолдама бойынша Краснодар өлкесінен шығып, Солтүстік-Кавказ майдан құрамындағы Анастасьевка станциясында тұрған 9-шы Қызыл ту атқыштар корпусының штабына әкеледі. Мұнда оларды 157-шы жеке атқыштар бригадасының құрамына бөледі. 157-шы жеке атқыштар бригадасының штаб бастығы подполковник М.Сафонов 19 жастағы Нұрмағамбетовті Кубаньдағы үлкен кариблі пулеметшілер взводының командирі етіп тағайындайды. Солтүстік Кавказ майданы қолбасшылығының шешімімен 1050,1052,1054-шы атқыштар полктарынан құралған құрамында С.Нұрмағамбетов соғысқан 301-шы атқыштар дивизиясы жасақталған соң, соғыс аяғына дейін 1052-шы атқыштар полкінің құрамында соғысты. Жалпы майдан жолын Кубаньнан бастап, Дон, Молдавия жерлерінде, Одер, Шпрее өзендерінің бойындағы шайқастардан, 1-ші Беларусь майданында, Солтүстік Кавказ, Украина, Польша, Германия майдандарында дейін жан алысып, жан берісken шайқастарға қатысты. Пулемет взводын, ротаны, 5-ші екпінді армияның атқыштар батальонын басқарды.

1945 жылдың қаңтар айының ортасы. Мангушев плацдармасы. 14 қаңтар күні Нұрмағамбет батальоны атака жасап, жау артиллериясына тойтарыс беріп, жаудың екінші позициясын бұзып өткеннен кейін Пилица өзенінің өткел аузына ие болу жолындағы шабуылға көшті. Түн қараңғылығын пайдаланып, батальон қайықтар мен қалалардың көмегімен Пилицадан өтіп, плацдармды алу үшін жаудың соққыларын қайта-қайта басып отырды. Жауынгер Сағадат Нұрмағамбетовтің басқарған пулемет ротасы Польша жерінде жау қорғанысын бұзу кезінде Мангушев плацдармасында болған шайқаста екі күн ішінде жаудың 12 пулемет орналасқан тұрағы мен 120 неміс басқыншыларының көзін жояды. Польша түбіндегі шайқастардың бірінде станокты пулеметтің бірі істен шыққанда, жаужүрек Нұрмағамбетов пулеметты қолға алып, жау әскеріне оқты қаршадай боратады. Нәтижесінде, Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтіп, 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет тұрағын жермен жексен етеді. Бұл ұрысты жіті бақылаған Кеңес Одағының маршалы Георгий Жуков жіті бақылайды. Висла бойындағы ұрыстар, Мангушев плацдармасын бұзып өту, одан әрі Польша жеріне шабуылды өрістете алғаны үшін дивизия екінші дәрежелі Суворов орденімен наградталады. 1945 жылы ақпан айында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының бұйрығымен Сағадат Нұрмағамбетовке «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріледі. 1945 жылы 8 наурызда «Алтын жұлдыз» медалі мен «Ленин» ордені қоса табысталады.

1945 сәуір айының 16-сы. Жеңіс туын көтерілуіне де шамалы уақыт қалған. Өз батальонын асқан шеберлікпен басқарған Сағадат Нұрмағамбетов пен оның жауынгерлері Гузов қаласының түбіндегі неміс фашистеріне ойсырата соққы берді. Полк командирі подполковник Пешков пен дивизия командирі полковник Антонов қол қойған Нұрмағамбетовтің мінездемесінде былай делінген: «Батылдық пен шеберлік көрсете отырып, ұрысты одан әрі табысты дамыта білді, сағат күндізгі үште Гузов қаласының шығыс шетіне ие болды. Мұнда батальон 200 гитлершіні жойды, 18 атыс позициясын, 8 таяныш пунктін жойып, жаудың 68 солдаты мен офицерін тұтқынға алды». («Ұлт мақтанышы. Гордость нации Сағадат Нұрмағамбетов» жинағы – Алматы, 2014 жыл. 69-бет). 18 сәуір күні де шешуші шайқастардың бірі туралы да наградалық мінездеме де былай делінеді: «Хармесдорф елді қонысы маңында 1945 жылы 18 апрельде күні бойы жау контратака жасады. Майор Нұрмағамбетов асқан табандылық пен шеберлік көрсетіп, немістердің барлық контратакаларын тойтаруды қамтамасыз етті. Әскерлер күшін керекті жерінде тамаша ұйымдастыра білді. Жауды әскери жағынан да, техникасы жағынан да үлкен шығынға ұрындырып, орныққан рубежінен қуып тастады. Оның батальоны жаудың фаусшыларының және автоматшыларының ірі топтарының табанды қарсыласуын таптай отырып, 18 апрельде Буков қаласына кірді» («Ұлт мақтанышы. Гордость нации. Сағадат Нұрмағамбетов» жинағы – Алматы, 2014 жыл. 70-бет). Шабуылдың ендігі беті – Берлин қаласы болды. 22 сәуір күні Нұрмағамбетов батальоны авиация мен артиллерия танктерінің қолдауымен Карлскортқа штурм жасады. Олардың ендігі міндеті Карлскорттың сыртында көлденеңі 250-300 метр болатын Шпрее өзенінен өту еді. 23 сәуір күні майор Нұрмағамбетовтің атқыштар батальоны Трептов қалашығының маңында Шпрее өзенінен өтеді. Бұл туралы наградалық мінездемеде толық айтылады. Өзеннің батыс жағалауынан плацдарм алып, бұл плацдармдағы біздің әскерлерді құртып жібермек болған жаудың контратакаларын ойдағыдай тойтарды. Шабуылды әрі қарай өрістете отырып, Трептовте жаудың фаустшыларымен, автоматшыларымен қиян-кескі көше ұрыстарын жүргізді. 80-нен астам гитлершіні жойды, жаудың 145 солдатын тұтқынға алды. 24 сәуір күні Нұрмағамбетов батальоны Берлинге кіреді. Ол туралы С.Нұрмағамбетов «Жауынгер жолы» атты кітабында ерекше тебіреніспен былай деген екен: «Біздің Берлинге енгендегі жүрек қуанышын тек сол бір оқиғаға өзі араласқан, бізбен бірге болған жандар ғана айқын сезіне алады. Жер бетіндегі адам баласына бақытсыздық, аштық, жалаңаштық, құлдық бағу, ажал арнаған фашистердің ұясын ойрандау дегеннен биік іс бар ма!» («Ұлт мақтанышы. Гордость нации Сағадат Нұрмағамбетов» жинақ – Алматы, 2014 жыл. 72- бет). 24 сәуір күні ең шешуші ұрыс Берлин қаласында болады. Майор Нұрмағамбетовтің батальоны үлкен топпен жиналған 450 неміс басқыншысының көзін жойып, 1560 гитлерліктерді құрыққа түсіріп, 9 тұрақ пунктін ойсырата жоқ қылды. Бұл ұрыста майор Нұрмағамбетов жараланды. Батальон командирінің ерлігі – атқыштар полкының полк және дивизия командирі тарапынан екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағын алуға, екінші рет «Алтын Жұлдыз» медалімен марапаттауға ұсынылады. Полк командирі Пешковтың өзі Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағы Батыры атағының берілуіне ұсыныс тастаса да, алайда, ол атақ оған берілмейді. 1945 жылы 31 мамырда Нұрмағамбетов Қызыл Ту орденімен марапатталады.

Курсант болудан бастап, Ұлы Жеңіске жетер тарам-тарам қилы жолдардан өткен Сағадат Нұрмағамбетов соғыс біткен соң, 1946 жылы Мәскеу қаласындағы Фрунзе атындағы Әскери академияға түспекші болып келеді. 50-70 адаммен казармада тұрып, жалпы асханадан тамақтанып, үш ай бойы дайындықалды курстан өтіп, академияға қабылданады. Мандаттық комиссияның төрағасы генерал-лейтенант Сухомлинов оның небәрі 22 жаста екенін алға тартып, бір жыл күте тұруын айтады. Оған өр мінезді Нұрмағамбетов: «Соғысқа бару үшін мен жас емеспін, ал оқып-білім алу үшін жаспын ба, сонда?! Мен дәл қазір оқығым келеді және қазір оқымасам, ешқашан оқымаймын. Немесе мені армия қатарынан шығарыңыз» деп жауабын айтқан екен («Ұлт мақтанышы. Гордость нации Сағадат Нұрмағамбетов» жинағына енген «Мой передний край» С.Нұрмағамбетовтің кітабынан. – Алматы, 2014 жыл. 226-бет). Академияда ерекше білімпаздылығын, қағілездігін көрсетіп, өте жақсы оқып шығады да, 1949 жылы оны аяқтайды. Осылайша, оның соғыстан кейінгі бейбіт өмірдегі әскери қызметі басталады. 1950 жылы Ташкенттегі Түркістан әскери округі штабының Басқарма бөліміне оперативтік қызметіне жіберіледі. 1954 жылы қазан айында полк командирі, 1958 жылы тамыз айында дивизия штабының бастығы, 1961 жылы шілде айында Қазақ ССР-ның Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, 1969





жылы Орта Азия әскери округі қолбасшылығының орынбасары, 1981 жылы қаңтар айында Венгриядағы Оңтүстік әскерлері тобы қолбасшылығының орынбасары, 1984 жылы маусымда Орта Азия әскери округі қолбасшылығының орынбасары лауазымдарына тағайындалып, әскери қызметте ұдайы белсеніс көрсетеді.1972 жылы Фрунзе қаласындағы өткен әскери шеруді қабылдаса, 1973,1975, 1978, 1979, 1980, 1984 1987 жылдары Орта Азия Әскери округі қолбасшысының орынбасары генерал-лейтенант С.Қ.Нұрмағамбетов гарнизон басшысы ретінде Алматы қаласында өткен әскери шерулердің өтуіне басшылық етті. 1989 жылы 6 маусымда КСРО Қорғаныс министрінің №0398 бұйрығымен, Орта Азия округі тарағаннан кейін генерал-лейтенант шеніндегі 65 жастағы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов құрметті демалысқа шығады. Әскери қайраткер 51жыл 6 айын әскери қызметте, оның ішінде 47 жылын кадрлық қызметте болған екен. Түрк ҚК қолбасшысы генерал-полковник Фуженко зейнеткерлікке шығу туралы бұйрықты оқып, құрметті демалысқа шығарып салған екен. «Зейнетке шықсам туған ауылым Аққөлге, Қосым ауылына барып, әке-шешенің жатқан жеріне тағзым етіп, табиғатына мастанып жатам» деген арманы орындаусыз қалады. Өйткені дәл сол уақытта еліміз тәуелсіздік алып, елімізге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ие болып, қорғаныс шебін құратын кәсіби шебер маман, стратег, әскери тұлға қажет еді! Кеше ғана тәуелсіздік алып, егемендігін жариялаған ел үшін осындай маңызды істі қолға алып, ел қауіпсіздігі мен қорғаны үшін жауапкершілікті мойнына алған ел азаматы, әрине, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов еді! Әлбетте, «Ұлт мақтанышы», «Қарапайым генерал» атанған С.Нұрмағамбетов өзіне тапсырылған тапсырманы көрегендікпен орындап шықты. Оған тарих куә!

Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов Кеңес Одағының Батыры Алтын медалінің, «Халық қаһарманының» Алтын Жұлдызы мен «Отан» орденінің иегері, Ленин орденімен, Ұлы Отан соғысының I,II дәрежелі ордені, Октябрь революциясы, Жауынгерлік Қызыл Ту ордендерімен, Қызыл Жұлдыз орденімен (екі мәрте), Еңбек Қызыл Ту орденімен (екі мәрте) және III дәрежелі Қарулы Күштердегі «Отанға сіңірген қызметі үшін» және «Құрмет белгісі» ордендерімен, әр жылдары Болгарияның «9 қыркүйек» және Польшаның «Алтын крест» орденімен, 60-тан аса медальдармен марапатталған. Аты аңызға айналған, туралықтың тізгіні мен шындықтың шылбырын ұстаған, өзінен кейін шәкірт інілер тәрбиелеген, тәуелсіз елі үшін елдің тұтқасы бола білген, өзі оқыған батырлар жырының кейіпкері сынды халықтың саңлақ серісі атанған өз заманының хас Батыры Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің рухы қашанда ел қорғауында жүрген әр сарбазды қолдай берсін!

**АЛЬМИРА ЖАБАЕВА,**
**Кеңес Одағы Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің Тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің маманы**

# АРДАГЕРЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

***Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жеңіске дейін 100 күн» республикалық акциясы аясында 44803 әскери бөлімінің қызметшілері маңызды әлеуметтік бастамаға қатысып, өздерінің аудандарында тұратын тыл ардагері Надежда Образцоваға көмек көрсетті.***



**Акция барысында жауынгерлермен, қажетті құралдармен жабдықталып, ардагердің ауласын тазалауға кірісті. Олар қоқысарды алып, көктемде ауланы керексіз заттардан, құрғақ жапырақтардан және қыстан қалған қалдықтардан тазартты. Жас сарбаздар бұл жұмысты үлкен жанашырлықпен әрі мұқият орындап, ардагерге қолдау көрсетті.**

**– Біз үлкендерге көмек көрсету үшін мұндай бастамаларға бірінші рет қатысып отырған жоқпыз. Бұл біз үшін ауыр іс емес, ал олар үшін үлкен қолдау. Қарттардан алғыс пен баталарын есту – өте сауапты іс. Олардың алғысы – біздің өмірдегі ең үлкен марапатымыз, - дейді акцияға қатысушы қатардағы жауынгер Амантай Әбдірәсіл.**

**Әскери бөлімнің жауынгерлері өз кезегінде мұндай бастамалардың қоғамдағы адами қарым-қатынастардың маңыздылығын, сондай-ақ, халықтың өзара қолдауы мен құрметін арттыратынын атап өтті. Қоғамдық жұмыстарға қатысу тек карттарға көмек көрсетумен ғана шектелмейді, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеп, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға да ықпал етеді. Бұл акцияның басты мақсаты – ардагерлерге көмек көрсету ғана емес, жастарды Отанға қызмет етуге, үлкендерге құрмет көрсетуге және ел тарихын ұмытпауға тәрбиелеу.**

**– Жас жігіттердің көмегіне алғысым шексіз. Олар менің ауламды көктемгі тазалық жұмыстары үшін жақсылап дайындап берді. Мұндай көмек – біз үшін үлкен қуаныш. Жас ұрпақтың осылай қолдау көрсетіп, ұмытпай келіп тұрғаны мені өте қуантады, - деп өзінің алғысын білдірді тыл ардагері Надежда Образцова.**

**«Жеңіске дейін 100 күн» акциясы қоғамды біріктіретін, адамдардың арасындағы өзара көмек пен сыйластықты нығайтатын маңызды бастама болып табылады. Бұл шара ардагерлердің еңбегін бағалауға, жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға және тарихи жадыны сақтауға ықпал етеді.**

**– Біздің бөлім үшін мұндай шаралар өте маңызды. Жастардың тәрбиесі тек әскери борышты орындаумен шектелмейді, оларды патриотизм мен ұлтжандылыққа тәрбиелеу керек. Тыл ардагерлеріне көмек көрсету арқылы біз олардың ерен еңбегін бағалаймыз әрі жастарды осы ізгі істерге баулып жатырмыз, - деді С-300 зениттік-зымырандық дивизион командирінің тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары майор Рамазан Бақтияров.**

**Бұл акцияның аясында жас жауынгерлердің атқарған ісі тек көмек көрсету ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы тұтастықты, адамгершілікті арттыратын маңызды қадам болып табылады. Осындай шаралар еліміздің бірлігін нығайтып, ұрпақтар арасындағы байланыстарды тереңдетеді.**

# ОТТАЧИВАЯ ШАГ





***Военный парад в Астане - это грандиозное событие, которое продемонстрирует силу и мощь Вооруженных Сил, а также символизирует сплоченность и готовность защитить свою страну. Однако за впечатляющим зрелищем стоит немалый труд: подготовка техники, координация действий различных служб и обеспечение безопасности. Тысячи военнослужащих проходят через напряженные тренировки, чтобы продемонстрировать безупречную выучку, дисциплину и патриотизм.***



Военный парад на главной площади столицы состоится 7 мая. В нем примут участие свыше четырех тысяч военнослужащих, более трехсот единиц вооружения и военной техники. Воздушную часть парада представят 66 летательных аппаратов фронтовой, армейской и военно-транспортной авиации.

Шествие будет состоять из трех этапов. Первый – прохождение пеших парадных расчетов, включая расчеты времен Великой Отечественной войны. Знаменные группы пронесут по площади Независимости Боевое Красное Знамя, знамена дивизий, сформированных на территории Казахстана и двух парадных расчетов с оружием и обмундированием военных лет.

В современной части планируется прохождение 23 пеших парадных расчетов, представленных тремя видами Вооруженных Сил, Сил специальных операций, Десантно-штурмовых войск, морской пехоты, военной полиции, миротворческим подразделением, расчетами женщин-военнослужащих, территориальной обороны и военных учебных заведений. В торжественном марше примут участие подразделения Национальной гвардии, Министерства по чрезвычайным ситуациям и Службы государственной охраны. Каждый парадный расчет будет состоять из 156 военнослужащих. В завершение парада состоится дефиле сводного военного оркестра, состоящего из трехсот музыкантов.

Особое внимание уделяется подготовке военной техники, которая будет представлена на параде. В этом году зрители смогут увидеть не только исторические образцы вооружения времен Великой Отечественной войны, но и современные боевые машины, которые олицетворяют готовность и мощь Вооруженных Сил Казахстана. Ретротехника будет служить напоминанием о героизме тех лет, а современные машины - свидетельством новейших технологий и высокой боевой подготовки армии страны.

**Гордость быть частью парада**

Журналисты ведущих казахстанских средств массовой информации и блогеры посетили столичную войсковую часть 68665, где им была продемонстрирована подготовка к параду.

Пресс-тур начался с показа тренировки личного состава. На плацу чеканили шаг свыше трех тысяч офицеров, военнослужащих по контракту и солдат срочной службы. Другие подразделения присоединятся к общей группе в ближайшее время.

- При отборе участников парада, как к мужчинам, так и к



женщинам предъявлялись строгие требования по физической подготовке, состоянию здоровья, росту. Все военнослужащие имеют высокую мотивацию, основанную на гордости за Вооруженные Силы, - рассказал главнокомандующий Сухопутными войсками генерал-майор Мереке Кучекбаев.

Военнослужащие тренируются каждый день, отрабатывая все нюансы строевого шага и слаженное взаимодействие в колоннах. Как отмечают сами участники, несмотря на высокую сложность подготовки, они испытывают гордость за возможность быть частью такого значимого события. В их числе и старший радиотелефонист войсковой части 28738 ефрейтор Аида Бекбосынова.

- Подготовка к параду - серьезное испытание, тренировки непростые. Но мы - военнослужащие, и для нас это не только обязанность, но и большая честь. Подготовка организована очень профессионально и дисциплинированно - все четко, как и должно быть в армии, - говорит девушка.

В числе тех, кто гордо прошагает в сводном парадном расчете Военно-морских сил, заместитель начальника Службы гидрографического обеспечения ВМС ВС РК капитан 3 ранга Талгат Сейсенов. Его дед по материнской линии Муслим Бубекулов сражался на полях Великой Отечественной войны в составе легендарной 316-стрелковой дивизии под командованием генерала И. Панфилова, которая обороняла Москву осенью 1941 года.

- Думаю, что служить в армии – это мое предназначение. Связать свою судьбу с Вооруженными Силами - значит связать ее со священным долгом, защитой Родины и ее народа, - признается Талгат Сейсенов.

К слову, для Талгата Сейсенова это уже второй парад: 14 лет назад он принимал участие в параде 2011 года в составе сводного расчета барабанщиков, состоящего из курсантов-отличников школы «Жас улан».

Представителям СМИ был показан палаточный городок для военнослужащих, прибывших на подготовку к параду. Для обеспечения удобства и комфорта предусмотрены все необходимые условия: полевые бани, столовые палатки, а также полевой госпиталь с современным медицинским оснащением.

В технической зоне гостям предоставили возможность увидеть, как специалисты готовят к параду технику военных лет и современные боевые машины.

Завершилось мероприятие прохождением стройной колонны боевой техники: знаменитые танки Т-34 и автомобили ЗИЛ-157 с пушками ЗИС-2 (калибр 57 мм), ЗИЛ-157 с гаубицами М-30 (калибр 122 мм) с десантом, БМ-13 «Катюша» с расчетами.

В числе современной техники, стоящей на вооружении казахстанской армии, Национальной гвардии, Службы государственной охраны и Министерства по чрезвычайным ситуациям, будут представлены: бронированные колесные машины «Арлан», «Cobra», зенитные ракетные комплексы «Стрела-10»,«ТОР» и «БУК», БТР-82А, мобильные комплексы «Алмаз» и «Агат», робототехнический комплекс «TEODor», расчетно-аналитическая станция, беспилотные летательные аппараты «EVO Max 4T», «Skylark» и другие высокотехнологичные образцы вооружения и военной техники.
















# СЕМЕЙДЕН АҚТАУҒА АТТАНДЫ

***Семейдің әскерге шақырылушы жастары Ақтау қаласының әскери теңіз күштерінің әскери бөлімдеріне қызмет етуге аттанды. №10 жалпы білім беретін орта мектебінде оннан астам әскерге шақырылушыны салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.***

Әскерге шақыру комиссиясының оң шешімін алған жастар әскери істің негіздерін еліміздің әскери теңіз күштері бөлімшелерінде атқаратын болады. Салтанатты шығарып салуды қорғаныс істері жөніндегі департаменті ұйымдастырды. Балаларды шығарып салуға қоғамның түрлі салаларының, Қарулы Күштердің ардагерлері қатысты. Іс-шарада Абай облысының қорғаныс істері департаментінің бастығы полковник Руслан Омаров сөз алып, әрбір ер адамның өмірінде мерзімді әскери қызмет өткерудің маңыздылығын атап өтті.

– Құрметті ата-аналар, бүгін балаларымызды салтанатты түрде мерзімді әскери қызметтерін өткеруге жолдап отырмыз. Отан алдындағы борышын өтеу – егемен еліміздің әрбір азаматының міндеті. Сондықтан балаларыңызға бір жыл ішінде елінің алдындағы борышын дұрыс атқарып, аман-есен абыроймен оралуларын тілейміз, - деді полковник Руслан Омаров.

Айта кетейік, Абай облысында мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру науқаны жалғасуда. Ал төрт айдың ішінде Абай облысынан 18-27 жас аралығындағы 700-ден астам азамат әскер қатарына шақырылады



# ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

***«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы полковник Жеңіс Маралов Абай облысының облыстық жиын пунктінде болып, ондағы жасақтау басқармасының қызмет барысымен танысты.***



Жұмыс барысы аясында полковник Жеңіс Маралов облыстық жиын пунктінің жатар жайымен, асхана және психологиялық тест қабылдау бөлмелерін аралап, көктемгі шақырылым бойынша жұмыс атқарып жатқан медицина қызметкерлерімен кездесті.

Абай облысының қорғаныс істері департаментінің бастығы полковник Руслан Омаров облыстық жиын пунктінде әскерге шақырылатын жастарға алғашқы зерделеу мен медициналық тексеріс жүргізу үшін барлық жағдай жасалғанын, қажетті әкімшілік және қызметтік үй-жайлармен, медициналық жарақтармен жабдықталғанын атап өтті. Айта кетуіміз керек, мұнда қазіргі таңда көктемгі әскерге шақыру науқаны аясында шақыру комиссиясы жұмыс істеп жатыр.

Жұмыс сапары аясында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы полковник Жеңіс Маралов әскерге шақырылғандармен де кездесіп, армияның елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етудегі, сондай-ақ ел тыныштығын сақтаудағы маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сонымен бірге полковник Жеңіс Маралов жергілікті әскери басқару органдарының өкілдеріне көктемгі шақыру маусымы аясында нәтижелі жұмыс атқаратындарына сенім білдірді.

